

**Б.Сокпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің
қамқоршылық кеңесі отырысының**

Хаттамасы № 5

Шардара қаласы

19.01.2024ж

Күн тәртібінде

Қатысқандар: 12

1.Әлеуметтік жағынан көмек қажет отбасыларға жасалған рейд жөнінде

2.Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Сөйледі. Қамқоршылық кеңес төрайымы А. Зүлей ол өз сөзінде мектепте өткен қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы айтып өтті.

Қайырымдылық шараларға белсенділік танықтан тұлғаларды марапаттауға ұсыныс жасады. Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан 4 оқушыға қыстық аяқ киім алып берілгендігі туралы айты. 1-4 сыныптар арасында 259 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған. 2008 жылғы 25 қаңтарындағы № 64 қаулысында көрсетілген санаттағы оқушыларды және

1-4 бастауыш сынып оқушыларын тегін бір мезгілдік ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылды, барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды сынып жетекшісімен қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып анықтай келе, мектептегі бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен 40 оқушы қамтылды және

Сөйледі: кеңес мүшесі А. Саудабаев ол өз сөзінде жыл бойына өтетін «Мектепке жол» акциясы аясында күнкөрісі төмен және аз қамтылған отбасы балаларына нақты тізімін анықтап, барлығына оқуға қажетті құрал жабдықтармен қамтуға жағдай ұйымдастырсақ деген ұсыныс жасады.

Сөйледі. Мектептің әлеуметтік педагогы А. Эстемесова әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларының үйіне барып сабаққа келмей жүрген себебін анықтап қайтты.

Мектептегі ерлер қауымы әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларына қайырымдылық көмек жасап сабаққа келе алмай жүрген екі оқушыға қыстық аяқ киім алып берілді. «Алихан» сауда орталығы әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен 2 отбасыға азық- түлік себетін тарту етті.

Қаулы:

1.Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасылар балалары сабаққа келмей қалуының алдын алу назарға алынсын.

2.Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамаққа баруын қадағалау

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Зүлей Ә

Хатшы: А. Эстемесова

**Б.Сөкпакбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің
камкоршылық кеңесі отырысының
Хаттамасы № 6**

Шардара қаласы

22.05.2024ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция
2. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру
3. «1 маусым» балаларды қорғау күні

Тыңдалды:

1. МДТЖО Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебімізде жазғы мектеп лагерьі жұмыс жасады. Оған бірінші кезекте әлеуметтік мәртебеге не отбасынан шыққан оқушылар жұмылдырылып, арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өз мәресінде өтілді. Ондағы басты мақсат – оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Мектеп лагерінде сабақ үлгерімі төмен оқушылар ойын форматындағы қосымша сабақтардан өгін білімін шыңдап, түрлі спорттық сайыстарға қатысты. Мектебіміздегі жазғы лагерьдегі балаларға демеушілік жасаған «Алихан сауда орталығы» оқушыларымызға 150 дана балмұздақ таратты.

Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қызметі қала сыртындағы лагерьлерге бару арқылы ұйымдастырылатын болады. 2022-2023 оқу жылында мектебіміздің 50 оқушысы қала сыртындағы лагерьге барып демалды. Биыл 42 оқушыны қала сыртындағы лагерьге жіберу жоспарланып отыр.

«1 маусым балаларды қорғау» күні мерекесінде «Саз мектебі», «Оқушылар үйі», мектебімізден 4 оқушыға Олжабай Аян, Олжабай Айзере, Жакипова Тансұлу, Мейрамбек Баккелді осы оқушыларға тегін сығлықтар және балмұздақ берілді.

1. МДШЖО Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция. Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы Ағымдағы жылдың 21 наурызында «Мекенім – жасыл орманым», «Бұл – менің ағашым», «Парктер шеруі», «Су көздерін ашу, бұлақтарды тазарту», «Таза су айдындары» және «Бірге таза Қазақстан» атты науқандары басталды. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың 21 наурызында жаратылыстану бірлестігінің ұйымдастыруымен «Атадан мал қалғанша, тал қалсын...» ағаш отырғызу іс-шарасы жүргізілді. Іс-шараға мектеп ұжымы, оқушылар белсене ат салысты. Нәтижесінде мектеп ауласына гүлдер, ағаш отырғызылды.

Сонымен қатар, мектеп ұжымы «Ауылымыз бен ауламызды таза ұстайық, ағайын» атты мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында мектеп айналасына гүлдер мен ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Қаулы:

1. Қала сыртындағы лагерьге баратын оқушылардың құжаттарын жинақтау.
2. Әлеуметтік педагог жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Зүлей Ә.
Хатшы А. Әстемесова

**«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында өткізілген
іс-шарасының
Хаттамасы. №1**

Шардара қаласы

22.08.2024ж.

Күн тәртібінде

1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу туралы
2. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды: Акцияны ұйымдастырушылар өз қаласының барлық азаматтарына, бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, меценаттарға акцияға қосылу және өмірлік қиын жағдайдағы отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен жүгінеді.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы әлеуметтік көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты — аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Жақсы істің жемісті болуы оның жүйелі жүзеге асырылуымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының аясында Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп биыл да көптеген қамқорлық шараларын көрсетсек деген мақсатпен акциясының бастауы жасалынды.

22.08.2024ж. күні «Мейірімділік жүректен» атты қамқорлық қайырымдылық акциясын өткіздік.

«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру барысында түскен қаржыға аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім отбасы балаларына көмек берілді.

Әлеуметтік педагог. А. Эстемесова 

**Б.Сокпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің
қамқоршылық кеңесі отырысының
Хаттамасы № 2**

Шардара қаласы

17.09.2024ж

Күн тәртібінде

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

- 1.Мектеп асханасының жұмысын қадағалау, сарапшылар жұмысын ұйымдастыру
- 2.Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Ө. Зүлей мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануын бақылау мәселесін таныстырды. Мектеп асханасы санитарлық ережелер мен талаптарға сай жабдықтармен жабдықталғандығын, арнайы тамақ сапасын тексеру комиссия мүшелері бақылау жүргізіп тұратындығын баса айтты. Қазіргі уақытта мектебімізде 1-11 сыныптар арасында 649 оқушы білім алуда. 1-11 сыныптардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасының Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан 4 оқушыға қыстық аяқ киім алып берілгендігі туралы айтты. 1-4 сыныптар арасында 237 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған. 2008 жылғы 25 қаңтарындағы № 64 қаулысында көрсетілген санаттағы оқушыларды және 1-4 бастауыш сынып оқушыларын тегін бір мезгілдік ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылды, барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды сынып жетекшісімен қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып анықтай келе, мектептегі бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен 278 оқушы қамтылды.Мектеп асханасында тегін бір мезгілдік ыстық тамақтың ұйымдастырылуы күнделікті бақытанып отыратындығын айтып өтті. Ас мәзірімен асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігі, асхана қызметкерлерінің қызмет көрсету барысы мен сапасы, шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасын бақылайтын бракераж журналдың уақытында толтырылуын, бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің сәйкестігі қаралатындығы ескертілді. Дефектолог ас сақтайтын қоймалары және тоназытқыштарды тексеріп отыратындығын, сонымен бірге қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан үнемі қадағаланып отыратындығын ескертті. Оқушыларға ас мәзірі бойынша тамақ беріледі, оқушылар уақытында келіп тамақтанады, тегін ыстық тамақ тиісті мөлшермен беріледі. Қызметкерлер санитарлық талапқа сай қызмет көрсетеді. Дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журнал уақытында толтыратындығын айтып өтті.

2.Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог- А. Эстемесова сөз алып «Мейірімділік жүректен» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылғандығын, түскен қаржыны әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына азық- түлік себетімен көмек көрсетілді.

Қаулы:

- 1.Мектеп асханасының жұмыс жүйелі қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Зүлей Ө
Хатшы: А. Эстемесова